

БҚИТУ студенттеріне 2021-2022 оқу жылында «Таза сессия» тақырыбында жүргізілген сауалнама нәтижелері туралы есеп

БҚИТУ студенттерінің қорытынды бақылау нәтижесінің объективтілігін, ашықтығын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттін бақылау мақсатында "Таза сессия" сауалнамасы өткізілген болатын.

Сауалнаманың негізгі мақсаты-құқықтық сананы және студенттердің белсенді азаматтық позициясын қалыптастыру, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұзу көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыру. Студенттер сауалнаманың барлық сұрақтарына мұқият және жауапкершілікпен жауап берді.

Сауалнама арнайы сілтеме

<https://docs.google.com/forms/d/1nmiGY3gt-TLhc0N8RYDGzZ45Q31Gd2tC7zFP108Hs0/edit>

арқылы онлайн түрде жүргізілді.


Сауалнама 2021 жылдың желтоқсан айында жүргізілді. Оған 705 студент қатынасты.

Жалпы сауалнамаға қатынасушы факультет көрсетіші бойынша:

Инженерлік-гуманитарлық факультеті-21,9 %


Педагогикалық факультеті-49,9 %

Тілдер және менеджмент факультеті-27,6 %




Жалпы сауалнамаға қатынасушы курстары бойынша:


Курстар	Пайыздық көрсеткіші
1 курс	30,9%
2 курс	34,2%
3 курс	29,6%
4 курс	4,7%
5 курс	0,9 %




1.« Сіздің ойыңызша, университеттегі сессия бағалары қаншалықты объективті?» бірінші сұрақ бойынша сауалнамаға "объективті"-98,9%, "объективті емес"-0,8 % деп жауап берді.




2. «Емтиханға дайындық кезінде сізге не ұнамайды?» екінші сұрақ бойынша дайындалу үшін уақыттың аз болуы-22,6%, материалдың жеткіліксіздігі-5,5%, дәріс материалдарының күрделі болуы-9%, бәрі сәйкес келеді -60,1% деп есептейді екен.




3. «Емтиханда білімді бағалаудың ең объективті түрін көрсетіңіз» үшінші сұрақ бойынша тестілеу -87,7%, жазбаша -4,1%, ауызша-7,7% деп есептейді екен студенттер.




4. «Сіз рейтингтік ұпайлармен келісесіз бе?» деген төртінші сұрақ бойынша иә- 96,6 %, жоқ-2,9 % деп жауап берген.




5. «Сізге емтихан тапсыру кезінде қалыпты жағдайлардың жасалмауы кездесті ме?» бесінші сұрақ бойынша иә- 14,2%, жоқ-85,5% деп жауап берген студенттер.




6. «Емтихан тапсыру кезінде сізге қысымшылдық жасалды ма?» алтыншы сұрақ бойынша иә- 4,6 %, жоқ-95,2 % деп жауап берілген.



7. «Апелляцияға өтініш беру мүмкіндігі бар ма?» жетінші сұрақ бойынша студенттер - иә- 70,3 %, жоқ- 26,8 %, мүмкін-0,5%, білмеймін-0,2% деп жауап берген.




8. «Сіз қалай ойлайсыз, университетте сыбайлас жемқорлық әрекеттері бар ма?» деген сұраққа студенттер иә – 4,3 %, жоқ – 79,9 %, білмеймін – 15,3 %, деп жауап берген.



9. «Сіз емтиханды тек ақшалай сыйақы, сыйлықтар (сессия кезеңі) көмек арқылы тапсыруға болатын жағдайларға тап болдыңыз ба?» деген сұраққа студенттер ешқашан – 96,2 %, кейде -2,8 % тұрақты- 0,7 % деп жауап берген.



10. «Сіз қандай формада оқисыз?» деген сұраққа күндізгі-26,1 %, күндізгі-қашықтықтан (жеделдетілген)-73,9 % деп жауап берген студенттер.



Барлығының жауаптарында белгіленген кемшіліктер негізінен студенттердің жұмыс бастылығы, оқуға уақытының жетіспеушілігі, тек дипломның қажеттілігі және оқуға қызуғышылығының болмауы проблемалық мәселе болып отыр. Оқу барысында жақсы көрсетіштің бірі студенттер арасында сыбайлас жемқорлық мәселесінің болмауы қуантарлық жағдай, дегенменде былтырғы жылмен салыстырған да 0,2 пайыздан 0,7 пайызға көтерілген көрсеткіштің болуы алаңдатарлық мәселе. Студенттер өздерінің алған білімдерін жеткілікті деп есептеп, сабақтан алған нашар бағаның нәтижесі өзінің қабілетіне байланысты деп ойлайтынын көрсетіп отыр. Зерттеу барысында студенттердің 26,8 пайызы апелляцияға беру мүмкіндігі жоқ деп жауап берген, осы мәселеге қатысты толық ашық, қолжетімді ақпарат берілуі керек. Сізге емтихан тапсыру кезінде қалыпты жағдайлардың жасалмауы кездесті ме деген сұраққа студенттер іә 14,2 көрсетіп отыр, яғни студенттерге ұсыныстар немесе кемшіліктерді түзету бойынша шағымдар кітабын ұйымдастырған жөн. Қорытынды бағалау нәтижесін тестілеу жүйесімен алынғанын көпшілік студент қолдайтындығын көруге болады.

Зерттеу нәтижесінің ескертулері мен ұсыныстарын талдау негізінде, ұсынылған модельді жетілдірудің негізгі белгілері:

-барлық студенттерге емтихан тапсырар алдында білім алушының құқықтары мен емтихан ережелері бойынша ақпарат берілгені дұрыс;

-сессия уақытында студенттерге ұсыныстар және кемшіліктерді түзету бойынша шағымдар кітабын ұйымдастырған жөн;

-білім алушылар мен университет қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа не кіретіні, сыбайлас жемқорлық қандай зиян келтіретіні және Қазақстанда, атап айтқанда ЖОО-да сыбайлас жемқорлықпен қалай күресетіні туралы түсіндіру жұмыстарын үздіксіз жүргізіп отыру керек;

-ЖОО ішіндегі көрнекі материалдарды әзірлеу: білім алушылар тарапынан да, оқытушылар тарапынан да сыбайлас жемқорлыққа баса назар аудара отырып, университеттегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы күреске арналған әлеуметтік жарнама, плакаттар көрсетілуі керек.

Есеп беруші:



Халикова Б.Т.